Автор: Мамыров Рүстем Теміруұлы
Пән: Геометрия
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Геометрияның алғашқы мәліметтері
Тақырып: Фигуралардың теңдігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 7.3.1.11 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу;
Сабақтың мақсаты:	- тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; - берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу; - дәлелді пайымдаулардың алғашқы дағдыларын қалыптастыру және дамыту.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Фигураның элементтерін ауызша анықтай алады, айырмашылық түрлерін және әр қайсысының қасиеттерін ауызша да, жазбаша да сипаттай алады. Лексика мен терминология Үшбұрыштың түрлері: Бұрыштың түрлері: сүйір, тік, доғал. Төбелері, қабырғалары, катеттері, гипотенуза. Ұзындығы, өлшемі Тең, қарама-қарсы, тең емес Диолог/хатқа пайдалы көмекші сөздер Бұл қандай үшбұрыш? Бұл тік бұрышты/теңбүйірлі/доғал/ сүйір/ тең қабырғалы үшбұрыш. Сен қайдан білесін? .....үшбұрыштың қандай қасиеттері бар?
Күтілетін нәтиже:	Осы тақырыпты толығымен меңгеруі оқушының
Бағалау критерийлері:	Оқушы мақсатқа жетеді, егер: Фигуралар теңдігінің анықтамасын білсе, үшбұрыштардың түрлері мен оның элементтерін ажырата алса. Өмірден мысал келтіре білсе.
Құндылықтарды дарыту:	Тапсырмаларды орындау арқылы еңбекқорлықты қалыптастыру; дәлелді сөйлеуді, түсіндіру, орындаған амалдарды негіздеу, нәтижеге қол жеткізе білу, ынтымақтастық, өзіне және қоршаған ортаға деген құрмет. Құндылықтар жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында дарытылады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	жеке жұмыс жасай білу
Пәнаралық байланыс:	Оқушыларда кеңістікте ойлау қабілеті және геометриялық фигураларды құрастыруы дамиды, бізді қоршаған өмірмен байланысын зерттейді.
Бастапқы білім:	Вертикаль және сыбайлас бұрыштардың қасиеті, бұрыш, перпендикуляр түзулер.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (20мин)	1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу, сабаққа қажетті құрал-жабдықтардың дайындығын тексеру. Оқушылармен бірігіп сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижелерді анықтау. https://bilimland.kz/kk/subject/geometriya/7-synyp/ushburysh-berilgen-ushburyshqa-teng-ushburyshtyng-boluy?mid=226:simple 1. Стартер: сыныптың ішінен тең фигураларды анықтау және не себепті олар тең екенін? 2 мин 2. Тарихтан. 1-2 мин. 3. Фигуралар теңдігінің анықтамасын енгізу. Оқушыларды терминдермен таныстыру. 1 мин Image 5e2831182e9d5.png type unknown	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (22мин)	4. Жаңа тақырыпты меңгеру. Талқылай отырып, дәптерге қысқаша мағлұмат жазу 1. Тапсырманы ауызша орындау 2. Өмірден мысал келтіру. 3. Үшбұрыш элементтерін ажыратып алу. 4. Үшбұрыштар теңдігінің анықтамасын жазып алу. 5. №8 аксиоманы жазу. 6. Тең геометриялық фигураларға өмірден мысал келтіру. 5. Активити. (жұптық жұмыс) Оқушылар жаңа тақырып бойынша ағылшын тіліндегі мысалды талдап, логикалық тапсырмаларды орындайды. Оқушылар тапсырмаларды бітірген соң, өзін-өзі бағалауын жүргізеді. 6. Жұптық жұмыс. Ағылшын тіліндегі мәтінмен жұмыс жасау, тапсрымаларды орындау. Мұғалімнің көмегі және қолдау көрсете алатын жолдасының көмегі. Бағалау – мұғалімнің қадағалауы арқылы және берілген жауаптары арқылы. 7. Жеке тапсырма. Өзіндік жұмыс. Ағылшын тіліндегі тапсырмаларды орындау. Өзін-өзі бағалауын жүргізу.	
Сабақтың соңы (1мин)	Үй жұмысы Теорияны жаттау.	
Рефлексия (1мин)	Рефлексия. • Мен өз жұмысыммен сабақ үстінде… • Қиын болды…. • Өз сыныптастарымды мақтай аламын… • Сабақтың материалы мен үшін….	